



SAQSHY



№9
(4559)



www.mediaovd.kz

Газет 1933 жылдан бастап шығады

Сәрсенбі, 5.02.2020

Көлік нөмірлерін тіркеу басталды



3-бет

Қатаң ұстануды талап етуде

Соңғы кездері қатты соққан боран мен қарқынды түскен қар, апта бойы өңіріміздегі жолдарда көлік қозғалысын шектеді.



3-бет



4-бет

«Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық»

«Абай сөздері дүниеде қалғаны зор бақыт... Абайды қазақ баласы тегіс білуі керек», – деп ұлы ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ертеңгі келер ұрпақтың жан дүниесін Абай сөзімен тәрбиелеуде атқарылар қыруар іс атаулының бәрі де ұлттық, мемлекеттік міндет ретінде алға қойылса керек-ті.



7-бет

Мақтаулы мамандар

Құқық қорғаушылардың тынымсыз тірлігі әсте таусылған емес. Соның ішінде қызығынан қиындығы басым, әділдік пен адалдықты ту еткен, қашан да тәртіпті ұстанатын тергеу және анықтау бөлімі қызметкерлерінің жұмысы зор жауапкершілік жүктейді. Осы салада кәсіби шеберлігі шыңдалған майталман және жас мамандардың Отанына адал қызмет етіп, алдыңғы сапта жүруі – зор мерей.

ҚҰТҚАРУ

7 АДАМДЫ ӨРТТЕН ҚҰТҚАРҒАН ПОЛИЦЕЙ

Ерлан Жаңабаев есімді тәртіп сақшысы ішкі істер органдарында қызмет атқарып келе жатқанына осымен 17 жыл толады. 1 ақпан күні ол Орлыкөл көшесінде орналасқан жатақхана жақтан шығып жатқан түтінді көріп қалған. Полиция қызметкері еш саспастан адамдарды құтқаруға асығыпты. Бұған қоса ол өрт сөндіру қызметіне хабарласып үлгерген.

толмаған екі жеткіншек бар. Қазіргі уақытта өрттің себептері анықталуда. Бұл туралы полиция офицері кейіннен ғана айтып берді. Оның өзінде бұл жағдай куәгерлердің сөздерінен соң белгілі болды. Олар инспектор болмаса жағдайдың арты қайғыға алып келетін еді деп айтқан», – деді қалалық ПД қызметкерлері.

Полицейдің өзі ерекше іс жасамады дейді. Бұл менің жұмысым деп қосты ол.

«Полицияда қызмет істеу – күнделікті адамдарға жәрдем беру. Мен өз әрекетімді таңқаларлық жайт деп есептеймін. Мұндайға тап болған кез келген инспектор дәл осылай жасайтын еді», – дейді Ерлан Жаңабаев.

Полиция капитаны өрт туралы ешкімге айтпаған. Бұл жағдай өрттен құтқарылған адамдардың алғыс айтқан видеосы әлеуметтік желіде тарағаннан кейін ғана белгілі болды.

Жергілікті Сарыарқа аудандық полиция қызметінің бөлім басшысы Марат Өмірбаев полицейді қарапайым әрі парасатты адам екендігін айтып отыр. Сөзінше, Ерлан Жаңабаев өз ісіне берілген нағыз қызметкер.



«Өрт сөндірушілердің келгенін күтпестен ол отқа оранған ғимараттың ішінен адамдарды эвакуациялауға кіріскен. Олардың ішінде қарт адамдар мен балалар да болған. Ерлан Жаңабаев 7 адамды құтқарып алған, арасында кәмелетке



8-бет

Жалған ақпарат жарға жығар

Ақтөбе облысының полицейлері коронавирус туралы жалған ақпарат таратқан фармацевтикалық компанияның қызметкерін құрықтады.

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Қолайсыз қоғам жемқорлықтан арылмайды

Құлқынның қамын басты орынға қоятын адамдары көбейіп кеткен қоғамда жемқорлық ідеті әрдайым бүршік жарып, гүлдей беретіні даусыз. Бірақ, бұл – парақорлықпен күресті саябырсыту керек дегенді білдірмесе керек. Керісінше, күн өткен сайын онымен күрес қарқын ала түсуі тиіс.

Ескендір ТАСБОЛАТ



Дегенмен, бір нәрсе ақиқат: адамның санасына парақорлыққа бой алдырудың мемлекетке де, өзіне де зияны мен күнәсі туралы түсінікті, жемқорлыққа деген жеккөрінішті жастайынан сіңірмесе, одан өзге күрес шаралары – құр тыраштану екенін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Жемқорлықты іштей жақсы көріп, жаны қалап тұрған адам, қанша жерден тыйым салсаң да, заңмен қорқытсаң да, оған барудың түрлі жолын ойлап табады.

Жемқорлыққа қарсы жеккөрінішті қалай қалыптастырамыз? Ол көшелерге самұрықтың қанатындай далитып «Пара алмайық!», «Жемқорлық – жегікүрт!», «Өзіңнен баста!» деген секілді девиз жазып қою арқылы қалыптаспаса керек. Бұл, керісінше парақорлықпен айналысуға шақырып тұрғандай күлкілі нәрсе. Біздің ойымызша, бұл бағытта үгіт-насихат жүргізуде діннің әлеуеті өте зор. «Параны берген де, алған да, ортасында делдал болған да – тозақта» деген сияқты хадистерді баланың құлағына жас кезінен сіңіріп отырсақ, өскенде ол мұндай күнәлі, қоғамға зардабы мол істен аяғын тартып тұра еді.

Пайғамбардың сахабасы, әйгілі халифа Омар ибн Хаттабтың өмірінен бір жақсы мысал бар. Мемлекет басшысы болып тұрған шағында оған бір адам келеді. Омар: «Шаруаңыз менің өзіме қатысты ма, әлде мемлекет ісіне қатысты ма?» – деп сұрайды. «Сіздің жеке өзіңізге қатысты шаруа», – деп жауап береді әлгі адам. Сонда халифа үстелінде жанып тұрған майшамды өшіріп, дәл сондай екінші майшамды жағады. Мұның мәнісін сұраған адамға: «Бірінші жанып тұрған майшам мемлекеттікі еді. Мынау екіншісі – өзімдікі. Сөйлесетін шаруаңыз маған қатысты болғасын, өз майшамымды жақтым», – деген екен.

Бұдан біз әдеттегі ақ туын көтерген халифалардың тіпті кішкене майшам секілді мемлекет мүлкіне ұқыптылықпен қарап, қара басының қамы үшін пайдаланбағанын көреміз.

Ал қазіргі кейбір шекпенділер мемлекет қаржысын миллиондап жұта салып, дым болмағандай, беті бұлк етпестен басшылық қызметте жүр. Сырттай ел басқарған іскер тұлға болып көрінгенімен, жұрт көзінен тасалана бере сол мемлекетті жауынан бетер тонап жатқан парақорларды нағыз «екіжүзді» деп атаса жарасады. Құранда мұндайларға қатысты: «Мұхаммед, қияметте екіжүзділерге қатты азап бар екенін өздеріне хабарла», – деген ескерту бар.

«Бақара» сүресінің 188-аятында: «Араларындағы малдарыңды бұзық жолмен жемендер. Сондай-ақ, біле тұра адамдардың малынан бір бөлім жеу үшін билерге апармаңдар», – деп тікелей жемқорларға қарата ескерту жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте Ислам дінінде айтылған осындай рухани тәлімдерді бойға сіңіріп, адамның өз ішіндегі күресті, яғни күнәға деген жеккөрінішті күшейтудің пайдасы көбірек болса керек.

Ол үшін, әрине, ең біріншіден өмір сүруге қолайлы қоғам құрған жөн. Қазір, өкінішке қарай, біздің қоғамды өмір сүруге толыққанды ыңғайлы деп айта алмайсың. Кез келген бір істі бастайын десен, алдыңнан түрлі кедергі шыға келеді. Олардан «сүрінбей» өту үшін көп адам «сыбайластыққа» жүгінуді құп көреді. Кейде жемсаулар толай жатқан жемқорлар осындай кедергілерді әдейі қолдан жасап, халықты пара беруге мәжбүрлеп қойған ба деп қаласың...

Асқазаныңда құрты бар адамның семірмейтіні сияқты, ішіне жемқорлық секілді жегікүрт түскен мемлекет те ешқашан дамымайды, халқы байымайды.

Бұл – әр адам есіне сақтап жүрер бұлжымас заңдылық!

АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысын қабылдады



АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Майкл Помпеоны қабылдады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Ақорда» резиденциясында Нұр-Сұлтан қаласына ресми сапармен келген АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Майкл Помпеоны қабылдады.

Мемлекет басшысы америкалық дипломатқа ілтипат білдіріп, екі ел арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнаған кезден бастап, екіжақты ықпалдастықты дамытуда мол табысқа қол жеткізілгенін атап өтті.

– Америка Құрама Штаттары – Қазақстанның тәуелсіздігін алғашқылардың бірі болып мойындаған ел. Біз бұл тарихи фактіні үнемі есімізде ұстаймыз. Мемлекеттеріміз арасында көптеген бағыт бойынша, оның ішінде, ядролық қаруды таратпау, халықаралық терроризммен күрес және экономикалық ынтымақтастық секілді салаларда тығыз қарым-қатынас орнаған. Сонымен қатар, өзара ықпалдастығымызды одан әрі дамыту мақсатында пайдалануға болатын әлеуетіміз де бар, – деді Қазақстан Президенті.

Тараптар барлық бағыт бойынша, оның ішінде сауда, инвестиция, IT-технология, демократиялық құндылықтарды ілгерілету және халықаралық терроризмге қарсы

іс-қимыл салаларындағы екіжақты байланыстарды тереңдетудің маңызын атап өтті.

«Біздің экономикалық байланыстарымыз өте жақсы. Екі ел арасында тікелей әуе қатынасын ашу мүмкіндігі қарастырылып жатыр. Энергетикалық бағыттағы ынтымақтастықтан бөлек, басқа да салалардағы байланыстарды өркендету үшін әлеуетіміз зор. Президент Дональд Трамп сізге сәлем жолдады. Бүгін осында өзіңізбен кездескеніме қуаныштымын», – деді Майкл Помпео.

Сонымен қатар, тараптар өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді талқылады. АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Американың Орталық Азияға қатысты жаңа Стратегиясының негізгі ережелері туралы мәлімет берді.

Мемлекет басшысы C5+1 (Орталық Азиядағы бес ел + АҚШ) диалогы форматының маңызды екенін атап өтіп, оның Ташкентте өтетін кезекті отырысының табысты болатынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Майкл Помпео әуе қатынастары туралы үкіметаралық келісімге қол қойылғанын құптады. Аталған құжат «Ашық аспан» қағидаттарына жауап береді, сондай-ақ, Қазақстан мен АҚШ арасында тұрақты әрі тікелей әуе рейсін ашу үшін құқықтық негіз қалады.

Сенатта ұсыныс қаралды

Сенат Бюросының отырысында ерекше қамқорлыққа зәру қазақстандықтардың өмір сүру сапасын түзеп, құқығын қорғау мәселесі басты назарға алынды.

Аталған мәселе бойынша 2019 жылдың 4 шілдесінде Сенат Төрайымы Дариға Назарбаеваның тапсырмасымен еліміздегі мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау бойынша Жұмыс тобы құрылған болатын.

Жұмыс тобының құрамына Парламент депутаттары, орталық және жергілікті

атқарушы органдардың өкілдері, әлеуметтік және білім беру мекемелерінің қызметкерлері, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді. Жұмыс тобы 8 отырыс өткізіп, нәтижесінде 59 ұсыныс әзірледі.

Жинақталған ұсыныстар барлық санаттағы мүгедектігі бар жандардың құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған.

Сенат Төрайымы өз кезегінде Жұмыс тобының ұсыныстарын талқылау және азаматтардың ұсыныстарын алу үшін Сенаттың ресми сайтында жариялауды тапсырды.

Түркияда «Абай тағылымы» атты көрме ашылды

Қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлының мерейтойы Түркия төрінде аталып өтті. Шараны хакімнің әдеби бай мұрасын кеңінен насихаттау мақсатында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті ұйымдастырды.

Шара Нийде Өмер Халисдемир университетіндегі Қазақ-түрік мәдени білім беру ғылыми-зерттеу орталығында өтіп, қазақстандық жетекші білім ордасының бастамасымен «Абай тағылымы» тақырыбында көрме ашылды. Салтанатты рәсімге жергілікті ғалымдар мен Түркияда білім алып жүрген қазақ жастары қатысты.

Игілікті шараны жоғарыда аталған университеттің Оқу ісі жөніндегі проректоры Ильяс Гукхан ашып, Абай қазақтың ұлы ақыны ғана емес, сондай-ақ түбі бір түркі дүниесіне ортақ тұлға екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, ол ойшылдың адамзаттың асыл мұрасына айналған шығармалары әлемнің 30-дан астам тілімен қатар түрік тіліне де аударылғанына тоқталып өтті.

Айта кетерлігі, елімізден барған делегация бауырлас елдің ғылыми-зерттеу орталығына Абай Құнанбайұлының шығармалары мен ол туралы іргелі зерттеу еңбектері топтастырылған елу кітапты сыйға тартты.

Көрменің ашылу рәсмінде Халықаралық Түркі әлемі зерттеулері симпозиумының директоры, профессор Хикмет Кораш, Еуразиялық зерттеулер мамандығының басшысы, PhD Тұрғай Дүйен, Қазақ-түрік мәдени білім беру ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, профессор Мурат Барут және басқа да ғалымдар да сөз сөйлеп, ниеттестігін білдірді.

Ұлыбритания

ҰЛЫБРИТАНИЯ ЕУРООДАҚТАН ШЫҚТЫ

Ұлыбритания ресми түрде 47 жыл мүшеліктен кейін және референдумнан үш жылдан астам уақыт өткен соң Еуропа Одағынан шықты.



Айта кетерлігі, Ұлыбритания Еуроодаққа 1973 жылы қосылған, ол одақтан шыққан алғашқы ел атанды. Қазір бұл одаққа 28 емес, 27 мемлекет мүше.

Лондон уақытымен 23:00-де болған тарихи сәт елде мерекелік көңіл күймен қатар, Одақтан шығуға қарсы болғандардың наразылығымен басталды. Премьер-министр Борис Джонсон әлеуметтік желіде жариялаған хабарында алдағы міндеті үкімет басшысы ретінде халықты біріктіріп, алға жетелеу екенін жазды. Сонымен қатар, Брюссельдегі Еуропа Одағының ғимаратынан Ұлыбритания туы алынып тасталды.

Енді одақтан шығудың аралық кезеңі басталды. Ол 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін созылады. Осы уақыт аралығында Ұлыбритания мен Еуроодақ арасында жаңа сауда келісімі жасалуы тиіс.

АҚШ АЛТЫ ЕЛДІҢ АЗАМАТТАРЫНА АҚШ-ҚА ВИЗА БЕРІЛМЕЙДІ

АҚШ президенті Дональд Трамп бірнеше ел азаматтарына иммиграциялық виза беруді тоқтату туралы шешім қабылдады. Оның ішінде көршілес Қырғыз елі де бар.



Америка Құрама Штаттары Эритрея, Қырғыз Республикасы, Нигерия, Судан, Мьянма және Танзания азаматтарының келуін шектейді. Бұл мемлекеттердің тұрғындарына АҚШ-та тұрақты түрде қалуға мүмкіндік беретін визалар берілмейді.

Өткен жылы Трамп иммигранттар АҚШ-та қандай да бір лотерея жүйесі арқылы емес, сіңірген еңбегі бойынша тұруға рұқсат етілуі керек екенін мәлімдеген болатын.

АҚШ-тың ішкі қауіпсіздік министрінің міндетін атқарушы Вольфтың айтуынша, бұл елдерге тыйым салуға бірнеше себеп болған. Ол сондай-ақ, жоғарыда аталып өткен елдер Америка Құрама Штаттарының қауіпсіздік туралы ақпарат стандартына сәйкес келмейді деді.

АВСТРАЛИЯДА ӨЛІ КОАЛАЛАР ТАБЫЛДЫ

Австралияның Виктория штатындағы кесілген ағаштардың арасынан ондаған өлі коала денесі табылды.

ВВС басылымының хабарлауынша, коалалар аштықтан өлген, ал кейбірін бульдозер басып кеткен. Сонымен қатар, аймақтан тірі қалған коалалар да табылды. Олардың саны – 80. Бүгінде олардың барлығы қауіпсіз жерге жеткізілген.

Айта кетерлігі, Австралияда өрт басталғалы бері он мыңнан астам коала өлді. Қоршаған орта министрлігі бұл жағдайға кінәлілерді жауапкершілікке тартатынын мәлімдеді.

Ал табиғатты қорғаушылар ұйымы жануарларға қатысты заң бұзушылық болуы мүмкін екенін де болжады. Қазіргі уақытта тергеу жұмыстары жүріп жатыр.

Көлік нөмірлерін тіркеу басталды

1 ақпаннан бастап Жамбыл облысының мамандандырылған ХҚКО-ларында құжаттарды қабылдау және техпаспорттарды, жаңа үлгідегі мемлекеттік нөмірлерді беру жүзеге асырылады.

Көлік құралдарының иелері басқару органдары оң жақтан орналасқан («жол жүрісі туралы» ҚРЗ 67-бабы), сондай-ақ КҚТК белгісі жоқ қайта жабдықталған («дөңгелекті көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы «КО ТР 80-тармағы») көлік құралының тіркеуге жатпайтынын ескеру қажет.

Уақытша тіркеу үшін жеке куәлікті ұсыну қажет; бастапқы тіркеу үшін алым (салық кодексінің та-

лабы); МТНБ дайындағаны үшін мемлекеттік баж (7423 теңге); КҚТК дайындағаны үшін мемлекеттік баж (3314 теңге); МТНБ, КҚТК және (немесе) Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралының тіркеу құжаттары (қажеттілігіне қарай нотариалды куәландырылған аударым) Тараз қаласының МХҚКО-на сақтауға тапсырылады.

Құжаттарды Тараз қаласы Төле би көшесі, 198 мекен-жайында

орналасқан МХҚКО-на тапсыру қажет, онда көлікті айдап әкету, іздеу кезінде жаңа техпаспорт және автокөлікке мемлекеттік нөмір беріледі.

ЕАЭО елдерінен автокөліктерге уақытша тіркеу 2021 жылдың 1 наурызына дейін әрекет етеді. Жамбыл облысының әкімшілік полиция басқармасында уақытша тіркеу мәселелері бойынша 8 (7262) 99-78-38 телефоны жұмыс істейді.

Баспасөз қызметі ДП
Жамбыл облысы



Қатаң ұстануды талап етуде

Соңғы кездері қатты соққан боран мен қарқынды түскен қар апта бойы өңіріміздегі жолдарда көлік қозғалысын шектеді.



Жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін Полиция департаменті республикалық және облыстық маңызы бар тас жолдарда күшейтілген қауіпсіздік шараларын қабылдады. Атап айтсақ, елді мекендерге апаратын және шығатын жолдарда бұғаттау бекеттері қойылды, жүргізушілермен профилактикалық әңгімелер жүргізілді, патрульдік полицияның қосымша экипаждары енгізілді. Сондай-ақ, жол төсеміне жиналған қар салдарынан "Нұр-Сұлтан-Петропавл" автожолында автокөлік құрал-

дарының қозғалысы шектелді. Осыған байланысты полиция қызметкерлері көлік лектерін патрульдік полиция батальонының экипаждарымен бір жолақтан алып жүруді қамтамасыз етті. Басты міндет – жүргізушілер мен жолаушыларды жолдың оқшауланған учаскелерінен шақыру ғана емес, сонымен қатар төтенше жағдайларда жол жүру кезінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Щучинск қаласы бекетінде көлік лектерін құруды ұйымдастыруды

Полиция департаментінің бастығы генерал-майор Арманбек Баймурзин басқарды. Облыстың бас полицейі жүргізушілерге лекте жүру ережелерін түсіндіріп, белгіленген жылдамдық режимі мен көлік құралдарының арасындағы аралықты сақтау қажеттігін еске салды.

29 қаңтардағы жағдай бойынша Ақмола облысының аумағында Щучинск қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына қарай 514 көлік ілесіп жүрді. Қазіргі уақытта патрульдік полиция ротасының қызметкерлері Ел Астанасынан Көкшетау қаласына дейін автомашиналар легін жасақтауда. Сонымен қатар, қар құрсауында 400-ден астам автокөлік қалып отыр. Атбасар ауданының аумағында – 336, Астрахан облысында – 33, Степногорск қаласында – 17 және Қарағанды қаласында 37 автокөлік.

Жол-көлік оқиғалары мен апатты жағдайларды болдырмау мақсатында тәртіп сақшылары жүргізушілерден патрульдік полиция қызметкерлерінің талаптарын қатаң ұстануды талап етуде.

Ақмола облысы
ПД баспасөз қызметі

Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кабинет ашылды

Қызылорда қаласының №1 Орталық ХҚО-да мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған кабинет ашылды.

Бекболат
ҚАРАТАЙҰЛЫ

Мұнда олар мемлекеттік қызметтер, әлеуметтік төлемдер және құқықтық сұрақтары бойынша тегін кеңес алумен қатар, цифрлық дағдыларын арттырып, шығармашылығын шыңдамақ.

Жоба Еріктілер жылы аясында және Қолжетімді Қазақстан бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іске асуда.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы "Қазақстан Коммунистік Халық

шығармашылық" қоғамдық қоры және "Бітім" медиация орталығымен алты жақты меморандумға қол қойып, алдағы уақытта өтетін біріккен шараларды талқылады.



Еріктілер жылына арналды

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша ҚАЖДЕС-164/6 мекемесінде «Еріктілер жылы» шеңберінде Петропавл қаласының Жастар-ресурстық орталығымен бірлесіп іс-шара өткізілді.



Ирина СУЛЕИНА
Солтүстік Қазақстан облысы

Шара барысында Еріктілер жылы аясында бірқатар іс-шаралар өткізу жөніндегі бірлескен меморандумға қол қою туралы мәселе қаралды. Сотталғандарға мекемеде әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету, түрлі семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, зияткерлік ойындар өткізу сияқты мәселелер талқыланды. Сонымен қатар мекеме әкімшілігі халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсету бойынша қызметкерлерді еріктілер ретінде тарту бастамасын білдірді.

Естеріңізге сала кетсек, волонтерлік жұмыс дегеніміз – ерікті негізде құрылған топтардың көмекке зәру адамдарға адамгершілік бағытта ақысыз, тегін қызмет көрсетуі. Қызметтің бұл түрі топтастықты туындатып, адамдардың бір-біріне деген жанашырлық сезімін қалыптастырады, бауырмалдығын арттырады. Еріктілер қызметі өскелең ұрпаққа үлгі болып, қазіргі заманғы қоғамның дамуына үлкен үлес қосады.

Сотталғандар арасында осындай іс-шараларды өткізу оларға оң әсер етеді, сотталғандардың өмір сүруге деген ынтасын арттырып, оларға моральдық борышын орындауға даяр болуға көмектеседі.

Академияға алғыс хат

ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы, полиция полковнигі Нұрлан Биекеновтің атына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының департаменті Таран ауданының Полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі О.Батырхановтан алғыс хат келіп түсті.



Онда академия ұжымының атына тыңдаушыларға лайықты тәрбие бергені үшін, олардың бойында отаншылдық сезімін қалыптастырғаны үшін алғыс айтылған.

Ағымдағы жылдың 29 қаңтары күні сағат 23.30-да Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Әйет ауылының жеке үйлерінің бірінде болған өрт кезінде полиция лейтенанты Жанат Меңдіғалиев

54 жастағы әйелді және оның 52 жастағы інісін құтқарып, екеуін де аудандық ауруханаға жеткізді. Академия түлегі, полиция лейтенанты Жанат Мырзағазыұлының бұл әрекеті полицияның жас қызметкерлері үшін лайықты үлгі болып табылады.

ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
баспасөз қызметі

АБАЙ – 175

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ:

«Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық»

(Абай рухымен сұхбат)



«Абай сөздері дүниеде қалғаны зор бақыт... Абайды қазақ баласы тегіс білуі керек», – деп ұлы ұстазымыз Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, ертеңгі келер ұрпақтың жан дүниесін Абай сөзімен тәрбиелеуде атқарылар қыруар іс атаулының бәрі де ұлттық, мемлекеттік міндет ретінде алға қойылса керек-ті. Біз бұл материалымызда Абай Құнанбайұлының ішкі істер саласына қатысты пікірлерін, өлең-сөздерін сұхбат ретінде ұсынып отырмыз.

– Абай ата, Сіздің қарасөздеріңізде, өлеңдеріңізде болсын, жаныңызды жеп, көп айтқан уайымыңыздың бірі – ұрлық екен. Біз 21-ғасырдың төріне шықсақ та, ғылым-білім өркендеп, дамып жатсақ та, бұл кесел әлі де тыйылмай тұр. Сондықтан да, әңгімемізді осы жайында өрбітсек деп едік.

– Ендігі жұрттың сөзі – ұрлық-қарлық, саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық. Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ, мейір қанып, маз болып қуанарлық.

– «Баяғы жартас – бір жартас» дейсіз ғой. «Жұмысы жоқтық, қарыны тоқтық – аздырар адам баласын» дегеніңіз де есімізде. Сол жұмыс болмағандықтан, болса да, тапқаны мардымсыз болғаннан жұрт түрлі қылмыстық, азғындық әрекеттерге үйір бола түспей ме?

– «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола беретұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы».

– Өзіңіз білесіз, ұрлық қай заманда да болған. Сол жұмыссыздық салдарынан ел ұрлық қылады. Осы ұрлық түбі – қорлық екенін білсек те, оны түп-тамырымен жоюға, осы кеселді әдеттен арылуымызға не кедергі?

– «Адал еңбекпен, ерінбей жүріп, мал табуға жігер қыла алмайсың».

– Сонда арам жолмен байып жүрген ұрылар тыйылмайды дегіңіз келе ме?

– «Ұрылар тыйылмайды». «Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз». «Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әуелі – ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі артылып алып, тағы да баймын деп жүр. Ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім аса, мен соған керек боламын деп, к...н қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр».

– Ендігі сауал, елімізде ұрылар ұр тоқпақтан құтылып кетсе де, жазығы жоқ жандар ұры атанып, қорлық көретін кездер де жоқ емес, осы туралы ойыңызды білгіміз келеді?

– «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шап-

ты, талады» деген әртүрлі уголовный іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание – тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамсыз үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені». «Жаны аяулы жақсыға қосамын деп, әркім бір ит сақтап жүр жүр ырылдатып».

– Қаншама жемқорлар ұсталып жатыр, тіпті «дәстүрге» айналып кетті десек те болғандай. «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деген сөз содан шықса керек... Бірақ ұсталғандарға қарап сабақ алып жатқан жұрт тағы жоқ. БАҚ-тарымыз да әдепкі біссіміләсін осындай жаңалықтармен бастайтын болды. Ел билеген шенеуніктеріміздің осындай мерез мінезін түзеу мүмкін бе?

– «Мен егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім».

– Осы атың өшкір ұрлықпен тек үлкендер ғана емес, мыңдаған жастар да айналысып, жауқазындай ғұмырларын темір тордың аржағында өткізіп жатыр. Осының алдын алу үшін не істеу керек?

– «Жалға жүр, жат жерге кет, мал тауып кел, малың болса, сыйламай тұра алмас ел. Қаруыңның барында қайрат қылмай, қаңғып өткен өмірдің бәрі де – жел».

– Иә, күнделікті тұрмыстық ішіп-жемге арналған бір жалақыға ғұмырыңды қор қылма дейсіз ғой.

– «Асаған, ұрттағанға ез жұбанар, сенімді дәулет емес сен қуанар. Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, қардың суы сықылды тез суалар».

– Абай ата, айтыңызшы, бізге тек ұрлық-қарлықпен емес, адал жолмен де баюға болады емес пе?

– «Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?! Оның саған керегі жоқ.

Сенікі – біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің – сол».

– «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» дегендей – қорқыту, үркіту, тартып алу, яғни, бүгін бар байлығың ертең жоқ қой...

– «Байды қадірлейін десең, бай жоқ... Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді?! Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ». «Өзімдікі дей алмай өз малыңды, күндіз күлкің бұзылды, түнде ұйқың».

– Оларға қорған боларлық әкім-қаралар, сіздердің заманның тілімен айтқанда болыс пен билер бар емес пе еді?

– «Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ». «Өтірік, ұрлық, үкімет зорлық, құрысын, көзің ашылмас».

– «Ұсталмаған ұры емес», ал ұсталғандар өздерін ақтап әлек. «Алтын көрсе, періште де жолдан таяды», ал біз – пендеміз ғой» деп? Бұған не дейсіз?

– «Алтын көрсе, періште жолдан таяды» дейді. Періштеден садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны».

– Сонда бір-бірімізді аңдысып, кімнің байлығы молырақ, соған көз алартып, күшіміз жетсе, итқорлықпен өткені ме өміріміздің?

– «Қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, мал үшін қам жейді екен, бірақ ол

малды қалайша табуды білмейді екен, бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір, ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен».

– Сол жаулап алған байлықтан береке тапқандар бар ма өзі?

– «Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады».

– Бірақ қазір заман сәл де болса түзеліп келе жатқандай ма, жемқорлармен күресіп жатырмыз, әйтеуір... «Мың асқанға – бір тосқан» деген бар емес пе?

– «Жамандар қыла алмай жүр адал еңбек, ұрлық, қулық қылдым деп қағар көлбек. Арамдықтан жамандық, көрмей қалмас, мың күн сынбас, бір күні сынар шөлмек».

Сұхбаттасқан

Бауыржан БЕРІКҰЛЫ



Абай әндерін әуелетті

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 түзеу мекемесінде жазалы жасөспірімдер арасында Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына арналған «Абай – Алаштың темірқазығы!» атты әдеби-кеш өткізілді.

Алматы қаласы, Е. ЖЕҢІСХАН

Кеш барысында Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының қызметкер-

лері кітап көрмесін өткізіп, Ш.Құмарова балаларға Абай шығармаларының тәрбиелік мәнін баяндады.

Шара барысында балалар колониясының тәр-

биеленушілері Абай өлеңдерін мәнерлеп оқудан жарыс ұйымдастырып, ақын поэмаларынан үзінділер оқыды. Сотталушы балалар Абай өлеңдеріне жазылған «Көзімнің қара-

сы», «Желсіз түнде жарық ай» әндерін шырқап, көрмендер ризашылығына бөленді.

Концерттік бағдарламадан соң Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірім-

дер кітапханасының қызметкерлері Абай туралы слайд көрсетіп, балалар ақынның өмір жолы, туып-өскен, білім алған жері туралы мол мағлұматқа қанықты.

Тасада тұрып тас атқан

Жергілікті уақыт 21.10 шамасында КА-168/2 мекемесі қызметкерлерінің жедел ақпараты негізінде түзеу мекемесінің сыртқы жағынан қоршау арқылы белгісіз зат лақтырмақ болған күдікті азамат анықталып, ұсталды. ҚАЖ қызметкерлерімен ұсталған азаматтың тұлғасын анықтау барысында оның Д.Д. есімді Ақтөбе қаласының азаматы екені, сондай-ақ КА-168/2 мекемесінің қоршауы арқылы тыйым салынған заттарды бірнеше рет лақтыруға қатысы бар екендігі анықталды.

Д.Д. есімді азаматты тексеру кезінде одан қара түсті орамаға оралған ұялы телефон тәркіленді. Ол өз әңгімесінде бұрын сотты болғанын және қазіргі уақытта жұмыссыз екенін жасырмады. Сондай-ақ, азамат Д.Д. мекеме қызметкерлеріне өзінің әкімшілік құқық бұзушылық жасағанын, яғни кінәсін толық мойындап, өз ісіне өкінетінін айтты. Сондай-ақ, одан әрі істі қарау кезінде азамат Д.Д. өзінің жазбаша түсініктемесінде негізгі қоршау арқылы лақтырмақ

болған заттарды түзеу мекемесіндегі жазасын өтеуші сотталғанға жеткізбек болғанын мойындады.

Аталған дерек бойынша азамат Д.Д.ға қатысты ҚР ӘҚБтК-нің 481-бабы «Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде, арнаулы мекемелерде ұсталатын адамдарға тыйым салынған заттар, бұйымдар мен нәрселер беру» бойынша жауапкершілікке тарту туралы іс жақын күндері Ақтөбе қаласының әкімшілік сотында қаралатын болады.

Қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі қызметкерлердің жұмысына кедергі келтіретін азаматтық тұлғаларды анықтау және оларды ұстау кезінде әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі жұмыстар жалғасын табады.

Өз кезегінде Ақтөбе облысы бойынша ҚАЖ департаментінің басшылығы тыйым салынған заттарды жеткізудің басқа да тәсілдерімен және лақтырумен айналысатын адамдар туралы қандай да бір ақпараты бар тұрғындардың назарына Ақтөбе қаласы, Новаторов көшесі, 43 а үй мекенжайына хабарласуға болатындығын ескертеді.

Ақтөбе облысы ҚАЖ департаментінің баспасөз қызметі



Өмір тығырықтары (шытырман оқиғалы әңгіме)

КСРО тараған соң әр республика өзінің дербестігіне қолын жеткізіп, өз бетімен күнін көру үшін барлық күш - жігерін жұмсауды ретке қоя бастаған еді...Сөйтпін әркім, әрқалай тығырықтан шығудың жолын іздеді.

Өткен жиырмасыншы ғасырдың 1995 жылдары «поливальщик» жүргізушілердің дәурені жүріп тұрған заман еді.

Сол жылдары Жарбол да «Камаз» автокөлігінің біреуін автокөлік мекемесінен жалға алып, «Поливальщик» болып шыға келді. «Камаз» автокөліктері жол магистралды белдеулердің «короли» деп аталатын еді.

КСРО-ның жол тораптарын торуылдаған бопсалаушы «рәкет» топтары да тегін «майшелпекке» кеңінен малшынды. Олар сол «Поливальщиктерден» түскен тегін теңгемен бақуат өмірге кенелді.

Шырғалаң өмірдің аясында тығырықтан жол тапқан кісілер де өте көп болды. Солардың бірі Жарбол үш – төрт айдың шамасында судай жаңа «Жигули» мінді, яғни «Шохаға» отырды. Құлан ауданының орталығынан зәулім үй тұрғызып, түкірігі жерге түспей шірденді. Жол торыған «босалаушы» топтардың жетекшілерімен жақын кезжат, туыстай араласты. «Күнің түссе-баспақшы!» демекші, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп олардың да тілін тапты. Осылай өмір қайнаған қызығымен зымырап өтіп жатты. Сүйікті «Светигінің» (Света, әйелі) аяғы ауыр, іші шермитіп, айы-күніне жетіп қалған еді...

Жарбол, әдеттегіше әр «Поливной» жолсапарынан кейін айлап демалғанды әдетке айналдырды. Жолсапардан келісімен «Светигін» жанынан тастамай, көк «Шоханың» артқы орындығына, ішін шермитіп салып алып, ағайын-туыс, жекжат-жұрағат, дос-жаранды тегіс аралап, ішіп-жеп, масайрап қалатын еді...

Сондай күндердің бірінде Жандос Алматыдан Құланға, туған еліне кезекті демалысқа келіп қалды. Сыныптастарын кездестіріп, жастық шақтарын еске алып, мез – мейрам болып жүр.

Жандос та Жарболдың сыныптасы болған соң, көк «Шохаға» жарбиып отырып алды. Ол демалыстағы адам болған соң, өзін еркін ұстап жүрген еді.

Жандостың тағы бір сыныптасы Оспан, оның жапсарлама «лақап» есімі «Хо Ши Мин» болатын. Оның бұл есімі Вьетнам мемлекетінің ұлт азаты үшін күрескен мемлекет қайраткерінің құрметіне қойылған болатын. Мұндай құрметті есімге Оспан лайықты да еді. Себебі, 1970 жылдары Вьетнам елі, АҚШ-тың соғысқұмар сайқал саясатының зардабын тартып, соғыс өртіне оранып жатты. Оспан досымыздың АҚШ саясатына қарсы «Тарт қолыңды Вьетнамнан!» атты екі шумақ өлеңі мектептің қабырға газетінде жарияланды. Сол күннен бастап ол досымызды: «Хо Ши Мин» деп атап кеттік.

Түнгі сағат екінің кезі болатын. «Құлан» ауданының орталығында орналасқан «Хо Ши Миннің» үйіне де келіп қалыппыз. Көк дарбаза жабық. Шам жарығы көрінбейді. Өшкен...

Жарбол көк дарбазаның есігін дүрсілдетіп:

– «Хо Ши Мин!», «Хо Ши Мин!» – деп айқайлады. Бірақ оның айқайына ешкім жауап бермеді. Тым – тырыс, ешбір сыбыс жоқ.

Бір кезде үй дәлізінің жарығы қосылды. Оспан жартылай жалаңаш қалпы аулаға шықты. Содан соң:

– Кім керек!.. – деп айқай салды.

Жарбол да қайтпады. Одан бетер әумесерленіп:

– Бізге керегі – «Хо Ши Мин». «Хо Ши Мин!» – деп дауысын өзгертіп, айқайды одан сайын үдетті.

Аңтарылып қалған Оспан:

– Бұл үйде «Хо Ши Мин» тұрмайды!, – деп жауап қатты.

Жандос та қарап қалмады:

– Енді кім тұрады?!..

Ол қапелімде қатты сасып:

– Оспан!..Оспан!.. – деді.

Жарбол мен Жандос екеуі қосарлап:

– Оспан болсаң, қайтейің?! Аш есіңді!.. – деп айқай салды.

Оспан болса «Хо Ши Мин» деген өзінің «лақап» есімін әлдеқашан ұмытса керек. Мектеп бітіргелі 15 жыл өткен соң да Оспан досымызды састырып, ойда – жоқта тығырыққа тіреп алдық.

Есік ашылып, мәре – сәре болған сыныптастар қауышып, ойнап-күлдік. Жігіт ағасы болған біздерге де қай – қайдағыны еске алып, ойнап-күлуге болатынына көзіміз жетті. Үйге кірген соң әйелі Тұрсынқұл де жаны қалмай дастарханын жайып, «ақ шақтарын» шығарып, стакандарын сыңғырлатып, емен – жарқын қарсы алды. Шыжғырма қуырдақ та әп – сәтте дайын болды...

Таң қылаң бере көк «Шохамен» «Хо Ши Миннің» үйінен Жарболдың зәулім кең сарайына жеттік те, Светаның даярлап қойған төсегіне басымызды тіреп, «қорылға» бастық...

Сәске түс шамасы болса керек. Жарболдың әйелі Света:

– Жарбол! Мен сендерді бұдан былай ешқайда да оңаша жібермеймін!, – деп кесіп айтты. – Себебі, сендердің кіммен, қайда жүргендерің, не істеп жүргендерің ешкімге де беймәлім. Хватить!.. – деді екі иығынан демін алып.

– «Светик!..» Біз «Хо Ши Миннің» үйінде қонақта болдық. Ет жеп дегендей... Жандос та Алматыдан демалысқа күнде келе бермейді ғой. Дұрыс түсініші. Сені де бірге «Хо Ши Миннің» үйіне қонаққа алып бармақшы болғанбыз, бірақ кеш болған соң сені мазаламай-ақ, өзіміз барайық деп шештік. «Светик» избени, пожалыста, – деді жалыншыты үнмен шолақ орысшасын қосып. Жарбол аяғы ауыр әйелінің асты – үстіне түсіп, мекірене аймалай бастады:

– Жаным!..ih...ih!..

Света жібіңкіреп Жарболға еркелеп, наздана:

– Жо...рик! «Хо Ши Миннің» кім? Вьетнамның Президенті ме?, – деді.

Жарбол ыржалақтап:

– Ах!..x...x..ax-ax!.. Өзіміздің Оспан! Мектепте оны біз солай атамызбыз!, – деген Жарбол сыныптастарының Оспанға «лақап» ат қою тарихын әйелі Светаға «майын» тамызып айтып жатты. Жандос шәйі көрпенің астына басын тығып, Жарболдың әңгімесін тыңдап, жырқылдап іштей күліп қояды. Ол тәтті балалық шақтың қызықты естеліктерін ойымен тізбектеп жатып, қайта қалғып кетті!..

Түс кезі болса керек. Жарбол сүйікті жарының көңілін біраз аулап, төргі бөлмедегі Жандосты ұйқыдан оятты.

– Жандос! Түр! Ұйқың қанған болар?, – деді. – Мен саған Құланның таза ауасын армансыз жұтқызайын! Алматының түтіні өкпенді қауып, бітіп қалған болар. Бүгін «Қарақыстақ» тауына шығып, «Қарынбайдың» малына аңға шығамыз. Дастанның інісі сол «Қарақыстақ» ұсақ-түйек жеке малмен және бір табын жылқымен қоныстанып отыр. Қымыздатып, саумалдатып қайтамыз! Светикті де бірге аламыз. Әйтпесе қатын өкпелеп жүрер, – деді.

«Қарынбайдың малы» деген сөз жергілікті тілде «жабайы аң, құстар» дегенді білдіреді. Дастан – Жарболдың жекжаты. Жасы қатарлас, ақ көңіл жігіт. Дастан аудан орталығы – Құланға Тельман ауылына осыдан бір-екі жыл бұрын көшіп келген болатын. Ол аудандағы «Механикалық жөндеу зауытының»

бастығы Көшімовтің көлігін жүргізеді. Ал Дастанның келіншегі Айман болса, Жандостың туған қарындасы. Жандос өзінің күйеу баласы Дастанмен жасы да қатарлас, сыйластықтары да жарасым тапқан замандас адамдар. Жарбол келешек күннің жоспарын пысықтаған ойымен:

– Бүгін кешке қарай Дастанның үйіне барып, қонақ болайық! Ертеңіңісін екі машинамен бала-шағаны алып «Қарақыстаққа» тартып кетеміз! Балық аулайтын қармақты Құланнан алармыз. Туған жеріңе келіп, біраз аунап-қунап қайтасың... – деді.

Жаздың самалды кеші. Алатау етегінде жайғасқан «Құлан» ауылы арайлап батқан күннің кешкі шуағымен қызылды – жасылды реңкке малшынып әсемдене түскендей. Таудан ескен самал жел де бойыңа ерекше қуат беріп, сергіп, кең тыныстайсың...

Дастанның жаңысы Құлан ауылының шеткері көшелерінде орналасқан үйдің екінші қабатында тұрады. Жарбол Айманға тосынсыз жасап қуантпақшы болды:

– Дастанның үйіне кештетіп барайық. Айманға Алматыдан келген ағасы «Тосынсыз» болсын!.. – деді. Мұндай іс – шараға Жандос та сөзге келмей келісті. Себебі, Айман қарындасын көрмегеніне көп болыпты, уақыт зымырап өте шықса керек. Сағыныш сазын басып, бауырлармен көрісіп тұрғанға не жетсін!

Алакеуім кешкі уақыт. Есік алдында Жарболдың көк «Жигулиі» ентелеп тұр. Света «Жигулидің» артқы орындығына жайғасты, ал Жандос «Шоханың» алдына отырды. Олар әп-сәтте ауыл көшелерін шаңдаттып, Дастанның үйіне жетті. Света бұл «сюрприздің» артын бағайын деген мақсатпен:

– Сендер бірінші Дастанның үйіне кіріп шығындар. Мүмкін, олар үйінде жоқ болар. Олар демалыс болған соң «Тельмандағы» ауылына кетіп қалуы да ғажап емес. Мен содан кейін-ақ көтерілейін екінші қабатқа, – деп ескертті.

Жарбол:

– Жарайды, жаным!. Қиналып қалма. Жандос кеттік, – деді ентелеп.

Дәліздегі жарық өшіп тұр. Ымырттағы қараңғылық көзбайлау болды. Екеуі екінші қабатқа көтеріле бере, байқап қалды. Екі орыс жігіті ылдым-жылдым төмен түсіп бара жатыр еді. Олар Дастанның пәтерінің қонырауын демілдете басып, есік сыртынан құлақ тосты. Айман есік ашты. Ол Жандосты көре сала, қуанышы қойнына сыймай Жарболға алғысын жаудырып жатыр.

– Ағамның сыныптасы Жарболдың Құланды тұрғаны қандай жақсы болды. Анда-санда болса да ағамызды көріп тұрамыз, – деп қуанышын жасырмады. Ол қуанышын басып: – «Байқұс-ау! Светигің қайда? Бір елі жаныңнан тастамаушы едің ғой, – деп Жарболды қағытып тастады.

Төргі бөлмеден Дастанның гүрілдеген даусы естілді.

– Айман! Кім ол? Кештетіп жүрген... – деді.

Есік алдында көліктің оталған дыбысы шықты.

Жарбол:

– Әй!..Әй!.. Мынау менің «Шохамның»!, – деп сыртқа атылды. Жандос та жүргіріп есік алдына шықты. Есік алдында көк «Шоха» да, Света да көрінбейді. Ауыл жолдарындағы борпылдақ шаң аспанға көтерілген. Көк шулан тұман үйдің айналасын жапқан. Тым-тырыс. Шаңды көшені еппен бойлап келеді. Дәнеңе де көрінбейді. Кенет көше қалтарысындағы жол айрығында тыпырлап орнынан тұра алмай жатқан Светаны байқап қалған олар:

– Амансың ба? Жаным – ау! Не болды? Денің сау ма? Еш жерің ауырған жоқ па?, – деп Светаны сұрақтың астына алып жатты. Оның шаң

басқан үсті-басын қағып, әп-сәтте әлек болды да қалды. Олар ер азамат болса да болған оқиғадан шошып жағаларын ұстады.

Жандос салқынқандылық танытып:

– Аяғы ауыр әйелдің аман-сау болғаны ләзім. Қалғаны орнына келеді. «Жедел жәрдем» шақырайық, – деді.

Жарбол да тынши алмай Светадан:

– Қалай болды? Не болды? – деп тәптіштеп сұрай бастады. Света:

– Сендер үйге кірісімен екі орыс жігіті апай-топай «Жигулиге» отырды. Көлік кілтін оталдырғышта қалдырып кетіпсің ғой. Олар көлікті оталдырды да, артымен кілт бұрылып, жолға шықты. Көлік артында отырған мені байқап қалған біреуі: «Қараңды батыр, сайқал! Әйтпесе, бауыздап өлтіремін!», – деп көз алдымда пышағын жалаңдатты. Мен қорыққанымнан жолдың бұрыла берісінде көліктің оң жақ артқы есігін ашқан бетте шаң қауып, арыққа ұшып түстім!.. – деді жылдамсырап.

Светаны Дастанның үйіне кіргізіп, үшеуі Құлан аудандық ішкі істер бөлімінің жедел кезекшілігіне және «Жедел жәрдем» қызметіне хабарлау мақсатымен көршінің үйінен телефон соқты.

Дүние-мүлік құрысын, ол басқа бітетін нәрсе ғой!

Жан алқымнан алған бұл да бір өмірдің тығырығы: бірақ жаннан артық не бар дейсің? Светаның денсаулығы және де іштегі шаранаға зақым келмесе болғай деп тілейік тіршілік Жаратушысы Иемнен!

Дем арада «Жедел жәрдем» де жетті. Дәрігер Светаны оңаша бөлмеде қарап, тексеріп болған соң, таңертеңгісін оның әйелдер дәрігеріне тексерілуін талап етті. Ол сезім толқыныстарын, жүрек қобалжуын басатын дәрі-дәрмектерін ішкізіп құрақ ұшты. Дәрігер Жарболға еш төніп тұрған қауіп-қатер жоқ деп сендірді. Содан соң ғана шүкірлік етіп милицияға хабар берілді.

Азаматтардың жеке дүние мүлкін тонау ауыр қылмыстар санатына жатады. Қылмыс бойынша Жамбыл облысы ішкі істер басқармасы «Тосқауыл» іс-шаралар операциясын іске қосты.

Құлан аудандық ішкі істер бөлімінде МАИ, қылмысты іздестіру тобы жасақталып мүлік тонау ісі бойынша алдын ала тергеу жұмыстары басталып кетті. Осындай қиын жағдай үстінде Жандос өзінің қызмет мансабын орынды пайдалануға тырысты. Ол Алматыда «ІІМ-нің тергеу басқармасының» бөлім бастығы, милиция майоры екендігін сыныптастарынан басқа ешкімде білмейтін еді. Жергілікті жердегі қызметкерлердің іс қимылдарын, кәсіби біліктіктерін сыртай бақылап, орнымен кеңес беріп, бағыттап жүр. Қылмысты ізін суытпай ашу мәселесінде Жандостың тәжірибесі мол қызметкер.

Ол көп уақыт созбай жедел оперативтік топқа өзінің қылмыс бойынша өз болжам-пайымдарын әдеппен ортаға салды.

– Бұл қылмысты іс-әрекет менің пайымдауымша нашоқор, бұрын бірнеше рет сотты болған бауқеспе ұрылардың қолынан ғана келеді. Светаның айтуына қарағанда ол көлік руліне отырған қылмыскерді жақсы танып қалса керек. Әзірге осы бір-екі сағаттың айналасында «Тосқауыл» операциясының жүргізілу барысын бағамдайық. МАИ бекеттері қажетті ақпараттармен толықтай қамтылды, – деді де Жарболға қарап: – Көліктің жанармайы көп пе? Жобамен қанша бар еді? – деді. Жандос:

– Дастанның үйіне келерде таблода қызыл свет бір-екі жанып-өшкендей еді. Әзда болар... Тонаушылар «Шохамен» алыс кете алмайды. Аудан орталығына кіре берісте орналасқан жанар-жағар май бекеттеріндегі операторлардан сұрастырып көрейік! Мүмкін олар алыс кете қоймаған болар. Кеттік!

Іздестіру барысында Жарболдың көлігімен орта бойлы екі орыс жі-

гіті, жанар-жағармай бекеттердің бірінде 20 литр бензин құйып, Тараз қаласы бағытында жүріп кеткенін анықтады.

– МАИ бекеттерінен хабар күтейік. Қосымша қала аралық қатынайтын «Икарус» автобусының жүргізушілерінен сұрастырып көрейік. Олар мүмкін жолай Жарболдың «көк шохасын» көрген болар. Әзірге орталық көшедегі аялдамада тоқтайтын автобустарды тосайық, – деді сөзге араласқан қылмысты істестіру бөлімінің уәкілі Берік Садуов.

Түнгі сағат екі шамасында Алматыға бағыт алған бір «Икарус» автобусы аудан орталығында орналасқан аялдамаға келіп тоқтады. Автобустың ішінен жолаушылар тысқа шыға бастады. Кенет Жарбол автобустан түсіп келе жатқан екі орыс жігітін көріп қалды. Ұзынтұра, жасы жиырма бес шамасындағы жігіттің басынан Жарбол өзінің жазғы ыстыққа киетін «панамкасын» көзі шалып қалды.

– Өй, әкенді, мынау менің «панамкам» ғой, «Шоханың» ішінде қалған, – деді. Ал бойы тапалдау, бадырақ көз біреуінің қолынан көк «Шоханың» магнитофонын жазбай таныды.

– Ой! Әкенді. Ұстандар... Ұрылар осы! Мен заттарымды анық танып тұрмын, – деді қуанышы қойнына сыймаған Жарбол. «Табан астында жолымдыз болды» деп әйелі Света ұл тапқандай құанды. Осы сәтте Жарболға әліптін артын бағу ойына да келмесе керек.

Ішкі істер бөлімінде ұсталған екі қарақшы кісі тонағыштар болған оқиғаға қатысымыз жоқ деп ат-тонын ала қашты. Олар «көлік магнитофонын және басындағы «панамканы» Таразда саудагерлерден сатып алдық деп «өтірікті судай» сапырды. Әбір болып Жарболдың әйелі Света екі бауқеспені бірден таныды. Меркі ауданында МАИ бекетімен хабар алысып «Икарустың» жүргізушісі екі орыс жігітін Ақыртөбе ауылына жете берісінде, көк түсті «Шохамен» жол жиегіндегі қарағай ағашқа соқтығысып, аударылып тұрғандарын да жеткізді. Көк «Шоханың» жанында басқа ешкім болмағанын растады. Жол айырығында қол көтеріп көмек сұраған олар «Икарусты» тоқтатып Құлан ауылына дейін алып кетулдерін өтінген. «Меркі» аудандық ІІМ бөлімінен МАИ қызметкері болған оқиғаның жай-жапсары осылай деп телефонмен байланысқа шықты.

Қылмысты іздестіру бөлімінің уәкілі милиция аға лейтенанты Садуов Берік:

– Орталық бекеттен МАИ қызметкерін алып Ақыртөбе ауылына оқиға болған жерлерді анықтап, қарау құжаттарын жинастырайық. Қылмыс ашылды! Көлік табылды! Тонаушылар ұсталды! – ол жәбір көрген Жарболдың арқасынан қағып, енді тек қана қылмыстың сәтті ашылғанын жақсылап атап өту керек! – деп қағытты. Жандос та сөзге араласты:

– Жігіттер көлікті тауып ертерек ауылға қайтайық! МАИ бекетіне кеттік... – деп күйеубаласы Дастанның «Жигули» көлігінің алдыңғы орындығына жайғасты. Жарбол, Дастан және қылмысты іздестіру бөлімінің уәкілі Садуов Берік төртеуі МАИ өкілін алып кету үшін Құлан ауданының шебінде орналасқан МАИ бекетіне келіп тоқтады. МАИ бекетінен орта бойлы, тапалтақ, дөңгелек жүзді, қозы қарын, сержант шенін таққан, жасы 25-тер шамасындағы мінезі қағылездеу келген жігіт:

– Оқиға болған жерге мен барамын. «Так что», көке, көліктің артына отырыңыз! Алдына мен отырамын... – деді қабағы кату дікілдеп. Бұл бұйрық көлік ішінде отырған Жандосқа ерсі естілді. Ол кірпідей жиырылып, ішкі ашуды басып, өзінің қарапайым қалпын сақтап МАИ сержантын сабырға шақырды.

– Айналайын інішек, көліктің артында бір кісілік орын бар, сонда жайғаспаңыз да болады ғой? – деді.

(Жалғасы бар)

ҚЫЛАМЫСҚА – ҚЫЛБҰРАУ

Күдікті құрыққа ілікті

Ұсталған азаматқа 29 жасар әйелдің өліміне қатысы бар деген айып тағылып, бұдан үш жарым жыл бұрын мемлекетаралық іздеу жарияланған болатын.

Кісі өлтіру дерегі 2016 жылдың қазан айында Іле ауданында орын алған. Жеке үйлердің бірінде айуандықпен өлтіру белгілері бар жас әйелдің мәйіті табылған. Дерек бойынша жүргізілген сараптамалардың қорытындысына сәйкес жәбірленуші пышақ жарақатынан қайтыс болған.

Жедел-іздігі шаралары барысында полиция қызметкерлері жергілікті тұрғынның қылмысқа қатысы барын анықтады. Оқиға орнынан бой тасалаған күдіктіге 2017 жылғы ақпанда мемлекетаралық іздеу жарияланды.

«Жедел-іздігі шаралары барысында облыстық криминалдық полиция басқармасының

қызметкерлері күдіктінің мекен-жайын анықтады. Іздестіру жұмыстарының нәтижесінде жедел уәкілдер оны Жамбыл ауданындағы ауылдардың бірінен ұстады. Қазіргі уақытта іздеудегі күдікті Іле аудандық полициясына жеткізіліп, қамауға алынды», - деп хабарлайды Алматы облысы ПД баспасөз қызметі.

Тәртіп сақшылары таратқан ақпаратқа сәйкес адам өлтіру дерегі бойынша қылмыстық істі тергеу Іле ауданы полициялерінің өндірісінде одан әрі жалғасады және бұл істің барысын облыстық ПД өз бақылауына алды.

Алматы облысы ПД баспасөз қызметі

ҚЫЛАМЫС ПЕН ЖАЗА

Мас күйінде көлік жүргізгені үшін жазаланды

БҚО тұрғыны көлік құралдарын мас күйінде басқарғаны үшін бас бостандығынан айыру және өмір бойы көлік құралдарын басқару құқығынан айрылды.

Биыл қаңтардың 13-і күні сағат шамамен 22:30 кезінде Жәнібек ауылындағы Ғ.Қараш және Ихсанов көшелерінің қиылысында Жәнібек ауданы ПБ полиция қызметкерлері 1984 ж.т. жүргізушінің басқаруындағы ресейлік есептегі «ВАЗ-21099» маркалы автокөлікті тоқтатты. Тексеру кезінде жүргізушілік құқығынан айрылған азаматтың көлік рөліне мас күйінде отырғаны анықталды. Автокөлікті тексеру барысында автокөліктен спирт ішімдіктерінің бос бөтелкелері табылды.

Аталған құқық бұзушылық үшін ҚК-нің 346-бабы 1-бөлігі бойынша (Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру) қылмыстық жауапқа тартылды және

Жәнібек аудандық сотының үкімімен оған 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру немесе көлік құралдарын өмір бойы айдау құқығынан айыру жазасы қолданылды.

Айта кету керек, аталған азамат 2017 жылы үш жылға көлік жүргізу құқығынан айырылған болатын, алайда осыған қарамастан қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап отыр.

БҚО Полиция департаментінің Тергеу басқармасында ағымдағы жылдың алғашқы айында полиция қызметкерлері көлік құралын басқару құқығынан айырылғанымен, мас күйінде басқарған 24 жүргізушіні ұстады, оның 13-і Орал қаласының аумағында құрықталды.

Естеріңізге сала кетейік, ағымдағы жылдың 11 қаңтарынан бастап Қазақстанда мас күйінде көлік жүргізу жауапкершілігін күшейтетін жаңа заң күшіне енді.

БҚО ПД баспасөз қызметі

КЕЗДЕСУ

Есірткіге жол берме, сектаға еріп сенделме



Бәйдібек ауданында орналасқан жалпы орта мектептердің жоғары сынып оқушылары мен ата-аналар арасында Бәйдібек аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің күшімен «Нашақорлыққа жол жоқ! Діни экстремизмнің қаупі үлкен» атты тақырыпта кездесу ұйымдастырылды.

Түркістан облысы, Г.АБДУРАХМАНҚЫЗЫ

Кездесу білім ошақтарының үлкен залдарында өтті. Кездесуге жиналған оқушылар ата-аналары-

ның қатысуымен полицейлер мен имам айтқан түрлі мәліметтері мен деректерін ұйып тыңдады. Ұйымдастырушылар, сондай-ақ, көмелет жасына толмағандар туралы түрлі өмірлік тәжірибелерімен,

ЕСКЕРТУ

Жолда ереже сақтаңыз

«Самара-Шымкент» тас жолында 4 ақпанда сағат 14:00 шамасында Хромтау қаласынан 5 шақырым жерде «Неоплан» маркалы автобус жолдың тайғақ бөлігінде оң жақ бүйірімен кюветке шығып кеткен. Автобус күзет агенттігінің қызметкерлерін тасымалдаған.

Жол-көлік оқиғасы салдарынан зардап шеккендер жоқ.

Ақтөбе облысының Полиция департаменті көлік жүргізушілеріне жолда сақ болуға және жылдам-

дық режимі мен қозғалыс аралығын сақтауды ескертеді.

Ақтөбе облысы Полиция департаментінің баспасөз қызметі



Жол-көлік қозғалысы шектеледі



СҚО аумағындағы автожол бойынша қозғалысты жабу туралы ақпарат 22.01-ден бастап 18-00-де ауа райының қолайсыздығына байланысты (жел күшейеді, боран, жауын-шашын, шектеу көріну) облыстық маңызы бар автомобиль жолдары, көліктің барлық түрлері үшін келесі аудандарында, атап айтқанда Айыртау, Ғ. Мүсірепов, Тимирязев, Шал ақын елді мекендерінде жол-көлік қозғалысы шектеледі.

СҚО ТЖД ішкі және сыртқы коммуникациялар тобы

РЕЙД

Өрт қауіпсіздігі шаралары жүргізілуде

Жітіқара ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлері өрт оқиғасының алдын алу мақсатында тұрғын үй секторында үй-жайлар мен пәтерлерді жиі аралайды. Бірлескен жұмысқа Полиция бөлімінің қызметкерлері, әкімдік және халықты әлеуметтік қорғау мамандары қатысады.

Үй-жайларды аралаудың мақсаты қандай? Ең алдымен, бұл жұмыстар өрттердің алдын алу, тұрғын үй секторындағы өрт оқиғасының салдарын шектеу үшін, олардың алдын алу мақсатында жүргізіледі. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үй иелерінің рұқсатымен тұрғын және қосалқы үй-жайлардағы жылыту пештерінің, тұрмыстық электр құралдарының, электр сымдарының монтажі мен жарамдылығын көзбен шолып, қарап шығады. Ауыл тұрғындарына тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіреді, жадынамалар тапсырады.

Қауіп-қатер тобын құрайтын азаматтар тұратын жерлерде профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Олардың қатарына жалғыз басты қарттар, көп балалы отбасылар, спирттік ішімдіктерді жиі пайдаланатын, бейәлеуметтік өмір салтын ұстанатын тұлғалар жатады.

2020 жылдың қаңтар айында Жітіқара ауданының аумағында өрт қауіпсіздігі айлығының 2-ші

кезеңі шеңберінде ТЖБ қызметкерлері 905 аулаға барып, 2 543 адамға нұсқау берді. Көп балалы тұрмысы нашар отбасыларының және бейәлеуметтік өмір салтын жүргізетін тұлғалардың тұратын орындарына жеті комиссиялық тексеру жүргізуге қатысты. Рейд барысында тұрғын үй секторындағы өрт қауіпсіздігі талаптарының тоғыз бұзушылығы анықталды. Қайта аралау кезінде өрт сөндірушілердің тілектері ескерілді, ескертулер жойылды.

Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу, әдетте, көптеген үй иелеріне тән. Негізінен, бұл жылыту пештерінің ақаулығынан болады, мысалы, жарықты толассыз пайдалану, пеш алдындағы темір жабынның болмауы, отын мен қоқысты тікелей пештің жанында жинау және тағы басқа жағдайлар өрт оқиғасының орын алуына себепші болады. Электр сымдары мен оқшаулаудың көрінетін бұзылыстары бар кабельдерін, розеткалар мен зақымданулары бар басқа да электр қондырғыларын пайдалану да өрттің туындауына

ықпал етеді. Кейде тұрмыстық газ көлемі 5 литрден асатын баллондарды тұрғын үй-жайларда, жергілікті және шатырларда сақтауға жол беріледі, бұл жағдайда өрт қауіпсіздігін бұзады.

Өрт оқиғасының алдын алу мақсатында Жітіқара ауданының ТЖБ бөлімінің қызметкерлері азаматтарға мынандай үндеу жасады.

Жылыту маусымында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыз:

- Қолдан жасалған және зақымдалған электр құралдарын пайдаланбаңыз;

- ешқашан төсекте темекі шекпеңіз, осы себепті жиі өрт болады;

- Газ құрылғыларын пайдаланғанда сақ болыңыз;

- пештердің, газ плиталардың және электр қыздырғыш аспаптардың маңында киім-кешектерді кептірмеңіз;

- электр сымның жағдайын қадағалаңыз;

- балаларды қараусыз қалдырмаңыз!

Осы қарапайым қағидаларды сақтау сізді және жақындарыңызды қайғыдан қорғайды. Төтенше жағдай туындаған жағдайда «101» немесе «112» телефондарына қоңырау шалыңыз.

Қостанай облысының ТЖД Жітіқара ауданының ТЖБ



ақыл-кеңестерімен бөлісті. Жиында қатысушылардың пікірлері мен ойы тыңдалды.

Мәселен, Бәйдібек ауданының бас имамы, теолог Ұлықбек Аликбарұлы сенім бостандығы, дін мен діл, исламның шығу тарихы туралы кеңінен әңгімелеп, дәстүрлі дінімізді кері ағымдағы діндермен шатастырмау, сонымен қатар оларды дер кезінде ажырата білу жолдарын түсіндірді. Себебі, бүгінгі таңда баршаға мәлім, экстремизм мен терроризм өткір тұрған мәселелердің қатарында. Оған қоса әлеуметтік желілер арқылы дінді бұрмалап, қылмысқа итермелейтін порталдар мен жалған тұлғалар да кездеседі. Сондықтан келешекте имамдар мен полицейлер жасөспірімдерге исламның атын жамылған жалған секталардан абай болып, қылмысқа жол бермеуге, ешнәрсенің анық-қанығына көз жеткізбей, шешім қабылдамауға кеңес берді.

Жиналыс барысында қонақтар мен ұйымдастырушыларға түрлі

сұрақтар қойылып, бұған оқушылар мен ата-аналар тиісінше жауаптарын алды. Кездесу соңында мектеп ұжымы полиция мен мешіт қызметкерлеріне ризашылықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Айта кететін жайт, мұндай кездесулер тәртіп сақшылары тарапынан жиі ұйымдастырылып тұрады. Себебі, полицейлер қылмысты анықтағаннан гөрі, оның алдын алған тиімді екенін айтуда. Жал-

пы, ұстаздар мен мектеп инспекторларынан бөлек, ата-аналардың да мектеп қабырғасындағы баланың тіршілігіне мән бергені дұрыс. Әрбір оқушы отбасынан бөлек, уақытының көбін білім ошағында, ұстаздар мен достарының ортасында өткізеді. Сондықтан оқушыға қатысты кез-келген нәрсеге дер кезінде көңіл бөлген жөн. Өйткені, бүгінгі ұрпақ - еліміздің ертеңгі болашағы.

Мақтаулы мамандар

Құқық қорғаушылардың тынымсыз тірлігі әсте таусылған емес. Соның ішінде қызығынан қиындығы басым, әділдік пен адалдықты ту еткен, қашан да тәртiптi ұстанатын тергеу және анықтау бөлiмi қызметкерлерiнiң жұмысы зор жауапкершiлiк жүктейдi. Осы салада кәсiби шеберлiгi шыңдалған майталман және жас мамандардың Отанына адал қызмет етiп, алдыңғы сапта жүруi – зор мерей.



Бұл жолы Орал қаласы полиция басқармасында 2019 жылды үлкен жетiстiктермен аяқтап, жоғары жұмыс көрсеткiштерiне ие болған, ұжымына мақтаулы жерлестерiмiз жайлы әңгiмелеудi жөн көрдiк.

Осы мақсатпен Орал қалалық полиция басқармасы анықтау бөлiмiнiң бастығы, полиция капитаны Жайдар Киргеневке хабарласқанымызда, аға анықтаушы Гүлбану Өтешованы және Орал қ. ПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигi Төрбек Маратов тергеушi Сағадат Ғадылжановты ұсынды.

ГУЛБАНУ

Орал қалалық полиция басқармасының анықтау бөлiмiнде өз iсiне жауапкершiлiкпен қарайтын, қызметке шыңдалған мамандар аз емес. Солардың бiрi – аға анықтаушы, полиция капитаны Гүлбану Өтешова. Оның бұл қызметтi таңдауына өзiнiң жүрек қалауы және бiраз жылдар құқық қорғау саласында елеулi

еңбек еткен ардагер ағалардың ықпалы зор болды. Гүлбану Өтешова 2010 жылы БҚО ПД көшi-қон бөлiмiне жетекшi маман ретiнде қызметке кiрiсiп, бiраз тәжiрибе жинақтады. Азаматтардың құжаттарын тiркеу, уақытша мекен-жайға орналастыру сынды қызметтердi сапалы атқарды. 2012 жылдың қазан айында Орал қалалық iшкi iстер басқармасының анықтау бөлiмiне анықтаушы лауазымына тағайындалды. Полиция кiшi сержанты Гүлбану Сұңғатқызы өзiне жүктелген тапсырмаларды мерзiмiнде атқарып, жауапкершiлiгi жоғары маман ретiнде басшылардың көзiне түстi. Сол табандылығы мен еңбекқорлығының нәтижесiнде полиция капитаны шенiне жеттi. Анықтау бөлiмiнiң аға анықтаушысы лауазымына жоғарылады.

– Мен анықтау бөлiмiнде 2012-шi жылдан берi жұмыс iстеп келемiн. Анықтаушы болғанымға сегiз жыл болыпты. Көбiнесе ауыр қылмыстарды тергеймiн. ҚР ҚК-нiң 139, 309, 346 – баптарымен бiрнеше iстердi

тергедiм. Қараған iстерiм негiзiнен, ұрлық, тонау, алаяқтық, заңсыз есiрткi пайдалануға қатысты. Қаңтар айында 8-9 қылмыстық iстi тергеп, нүктесiн қойып, сотқа жолдадым. Қаншама ауыр болса да, жұмысым өзiме ұнайды, – дейдi бiздiң кейiпкерiмiз.

Анықтау бөлiмiнде ұзақ уақыт бойы табан аудармай жұмыс жасап келе жатқан Гүлбану Сұңғатқызы осы қызметтiң қыр-сырын тез меңгерiп, ұршықтай үйрiпiпi әкеткен. Ол анықтаушылық қызметтiң өзiндiк қиындығы бар екенiн, алайда уақыт өте келе тәжiрибе жинақтап шыңдалғанын жеткiздi.

– Әрине, әр жұмыстың өз ауыртпалығы болады. Бiздiң қызметiмiз



жауаптылықты, ақиқаттың ақ-қарасын тыңғылықты зерттеудi қажет етедi. Сол себептi әрдайым алға ұмтылып, басшылық берген тапсырманы тыңғылықты орындауға тырысамыз, – дейдi Гүлбану.

Қазiргi таңда бiлiктi мамандар қатарынан көрiнiп жүрген анықтаушы «Мұндай дәрежеге өз еңбегiммен жеттiм» деуден аулақ. Гүлбану қызметке орналасқан алғашқы жылдары оған тәжiрибелi анықтаушылардың көп көмегi тигенiн айтады. Бүгiнде полиция капитаны шенiне жеткен бiлiктi маман өзiнен кейiнгi жас қызметкерлерге жол көрсетiп, өз тәжiрибесiмен бөлiсуде.



САҒАДАТ

Келесi кейiпкерiмiз – полиция аға лейтенанты Сағадат Ғадылжанов. Салмақты мiнезiмен, байыпты жүрiс-тұрысымен көпшiлiктiң көзайымына айналған Сағадаттың бұл қызметке, соның iшiнде тергеу бөлiмiне жұмысқа келуiне өзiнiң таңдауы себепкер болыпты.

Тайпақ ауданындағы Есенсай ауылының тумасы Орал қаласындағы №44-жалпы бiлiм беретiн орта мектептi жақсы аяқтап, 2014 жылы Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына оқуға түстi. 2018 жылы қолына күректей диплом әрi полиция лейтенанты шенiн алып шығады. 2018 жылдың маусым айында Орал қаласы iшкi iстер басқармасының тергеу бөлiмiне тергеушi болып қызметке кiрiстi. Сөйтiп, жас жiгiт төрт жыл оқып, академиядан алған бiлiмiн негiзгi қызметiмен ұштастырды. Бөлiмде тонау, ұрлық пен алаяқтық, қарақшылық шабуылдарға қатысты қылмыстық iстердi қарап, әр iстiң ақ-қарасын барынша зерделеуге тырысты.

– Кез-келген қылмыстық iстi қарау – бiздiң мiндетiмiз. Өйткенi, әр iстiң артында адам тағдыры тұр. Адам баласының тағдырына, бостандығына бей-жай, ат үстi қарауға болмайды, – дейдi тергеушi. Жас қызметкер қазiр полиция қызметiн бекерге таңдамағанын түсiндi.

– Мен өзiмнiң таңдап алған мамандығыма сәйкес еңбек етудемiн. Қызметiмдi тиянақты атқаруға тырысамын. Бұл орайда менiң жанымды, қызметiмдi түсiнетiн тұлғалар бар. Қазiргi уақытта қарақшылық шабуылға қатысты iстi тергеп, тапсырдым, – дейдi Сағадат.

Соңғы кездерi салмақты, ауыр қылмыстарды қарай бастаған тергеушi ай сайын 3-4 iстi қарап, аяқтайды екен. Әрбiр iстi ыждағатты әрi сауатты қарайтын тергеушi бүгiнде бөлiмде көш бастап тұр. Сөз арасында тергеушi бес бiрдей Өзбекстан азаматына қарақшылық шабуыл жасап, олардың 36 мың теңге ақшасы мен ұялы телефондарын тартып алған оралдық бес жiгiттiң құрықталғанын айтты. Қазiргi уақытта осы қылмыс бойынша ҚР ҚК-нiң 192-бабi, 2-бөлiмiнiң 1 және 4-тармақтарымен iс тергелiп, материалдар сотта қаралуда.

Демалуды бiлмейтiн, тәулiк бойы қызметтiк сапта жүретiн полиция аға лейтенанты Сағадат Нұралыұлының тәлiмгерi – Абай ПБ тергеу бөлiмi бастығының орынбасары, полиция капитаны Ержан Жақсығалиев. Жас тергеушi қызмет барысында көп нәрсенi үйретiп, қиындығы мол қызметке баулыған ұстазына шексiз ризашылығын бiлдiрдi.

Өздерiне қойылған талап үдесiнен шығып, сенiмдi ақтаған қос кейiпкерiмiздiң алар асулары әлi алда.

Орал қ.ПБ баспасөз қызметi

Пышақ суық қару ма?!

Пышақ туралы айтпас бұрын, ең алдымен суық қару ұғымына қысқаша тоқталайық. «Мектеп» баспасынан 2001 жылы шыққан «Қазақ тiлi терминдерiнiң салалық ғылыми түсiндiрме сөздiгi: Әскери iс» атты кiтапта: «Суық қару (холодное оружие) – әскерде көне заманнан оқ-дәрi мен атыс қаруы ойлап табылғанға дейiн қолданылған қоян-қолтық ұрыс қаруы. Шабуылдау мен қорғануға арналған. Суық қару соққылы (найза, қылыш, семсер) және сiлтегiш (садақ, қысқа сапты найза, сiлтегiш машиналар ж. т.б.) болып бөлiнедi. Суық қарудың кейбiр түрлерi қазiрге дейiн сақталған, қазiргi әскерлердiң жеке құрамдарының жарығында атыс қаруларымен қатар қолданылады (сүңгi, армиялық пышақ, кездiк т.б.).



Бауыржан БЕРИКУЛЫ

Ал пышақты суық қаруға жатқызуға бола ма? Оған тоқталмас бұрын, пышаққа байланысты болып жатқан шетелдiк жаңалықтарға да назар аударсақ, артық болмас. Жақында Фейсбук әлеуметтiк желiсiнде Өмiр Шыныбекұлы атты желi қолданушы: «Әндiжандық полицейлер қылмыстың алдын алу мақсатында базарда сатылып жатқан 350 пышақты шарыққа ұстап жүзiн майырыпты», – деген ақпарат таратты. Пiкiр бiлдiрушiлердiң көбi бұл ақпаратқа күлiстi. Негiзi, ойланатын мәселе. Де-

тектiв жазушы Мұхтар Анарбекұлы осы ақпараттың астына: «Қандай қоғам болса, сондай заңдары болады», – деген пiкiр қалдырған.

Қандай қоғам болса?! Қандай қоғам болса да, қылмыс болмай тұрмайды. Сақтанғанды ғана сақтайды. Қоғамың тыныш болса да, қылмыс болмаса да, жайбарақаттықа салыну сан соқтырады. Тәртiп, қатаң заң және соны қырағы қадағалайтын орган бар жерде ғана тыныштық сақталатынын ұмытпайық. Өйткенi, кез келген қоғамда жәбiр көрушiлер осы пышақтан зардап шегiп, құрбандыққа шалынып жатады. Пышақты қыр-сырына қарай суық қаруға жатқызу-жатқызбау – ең алдымен

қоғам қауiпсiздiгi үшiн керек. Өйткенi, пышақпен нан турауға да немесе бiр адамның жанын қиюға да болады... Пышақты тек асүйде ғана пайдаланады деп шалақ ойлауға әсте болмайды!

Барлықтарыңызға белгiлi, Iшкi iстер министрлiгiнде Денис Теннiң өлiмi бойынша өткен брифингте күдiктiден табылған пышақтың суық қару саналмайтыны айтылған болатын. Сондай-ақ, былтыр Ақтауда да әйелiмен жанжалдасып, ашуға булығып келе жатқан адам тапа-тал түсте бiр адамды осы пышақпен қансыратып өлтiрдi.

Ендеше, бiзге де пышаққа қатысты заңдарға өзгерiс енгiзетiн кез келдi. Ол қандай өзгерiстер дегенге келер болсақ, мәселен, Қытайдан көшiп келген азамат Аятжан Ахметжанұлы: «Қытайда пышақ сатып алсаңыз, апарып тiркегесiз, арнайы нөмiр болады әр пышақта. Қылмыс жасалса, пышақ иесi жазаланады. Сол үшiн жоғалтсаңыз, бiрден мәлiмдеуiңiз керек», – дейдi.

Ал Қазақстан Республикасы Iшкi iстер министрлiгiнiң 2015 жылғы



16 наурыздағы №295 бұйрығында жарияланған мәлiметтерге сүйенсек, заттың суық қаруға жататыны немесе жатпайтыны жайлы сұрақтар туған жағдайда тексерiстер жүргiзiледi. Содан кейiн ғана оның қандай қару саналатынын айтылады. Сондай-ақ, суық қаруға қатысы жоқ заттардың азаматтық айналымда саны шектеулi заттарға жатпайтыны және бар. Яғни, ол заттарды адамдар өзiмен бiрге алып жүре алады. Оған ешкiм тыйым салмайды: аспазға өзiмен бiрге жұмысқа пышақ алып жүруге немесе балықшыға балық тазалау үшiн кiшкентай пышақ алып жүруге тыйым салынбайды.

Пышақтың суық қару екенiн бiрнеше белгi арқылы анықтауға болады және оны тек криминалист мамандар ғана анықтай алады. Ол белгiлерге пышақтың тығыздығы, қайрайтын жерiнiң болуы, пышақтың жүзi мен сабының ұзындығының ара қатынасы, пышақтың кiрiп кету тереңдiгi, жүзi мен сабының арасында пластинаның болу-болмауы және тағы басқалар жатады.

Десе де, қандай адам болса да, өзiмен бiрге пышақ алып жүрген кезде ол суық қаруға жатпаса да, қоғамға қауiптi мәселелердiң туындауы мүмкiн екенiн жоққа шығара алмасыңыз анық...

Баланы құтқарып қалды



Құтқарушылар балаға алғашқы медициналық көмек көрсетiп, мұздап қалған денесiн жылытқан.

Оқиға 2 ақпан күнi шамамен сағат 16:50-де болған. Жетiсай аудандық полиция бөлiмiне жергiлiктi тұрғындардың бiрiнен «жасөспiрiм бала суға ағып бара жатыр» деген хабарлама келiп түскен. Хабарламадан кейiн полиция қызметкерлерi

қызметтiк көлiгiмен оқиға орнына шұғыл жеткен. Жетiсай аудандық полиция бөлiмiнiң анықтаушысы, полиция капитаны Марат Рахметұлы Нұрымбетов бiрден iске кiрiсiп, суға ағып бара жатқан 12 жастағы баланы жағаға алып шыққан.

«Полиция бөлiмiнен ендi ғана шығып, көлiгiме бара жатқан едiм. Суға ағып бара жатқан бала жайлы хабарлама радиация арқылы маған да жеттi. Содан еш ойланбастан, қызметтiк көлiктiң дабылын қосып,

оқиға болған жаққа қарай бет алдық. Оқиға орнына жете салысымен киiмiмдi шешiп, суға түстiм. Ағып бара жатқан баланы құтқару үшiн жылдам жүзiп, алдынан қарсы алуға тура келдi. Баланы құтқардық, ең бастысы аман», – дейдi Марат Рахметұлы.

Полицейлер баланы қызметтiк көлiгiне салып, Жетiсайдағы аудандық орталық ауруханаға жеткiзген. Кеудесiн қолмен басып, су жұтып қойға балаға алғашқы

медициналық көмек көрсетiлген. Суық судан мұздап қалған денесiн жылытқан.

«Қазiр баланың денсаулығына төнiп тұрған қауiп жоқ. Басында жансақпа бөлiмiне жатқызылған едi, қазiр палатаға ауыстырылды. Баланың ата-анасы ерлiк жасаған полицейге шын көңiлден алғысын айтып, ризашылығын бiлдiрдi», – деп хабарлады Түркiстан облысы полиция департаментiнiң баспасөз қызметi.

Отбасылық эстафета өткізді

Солтүстік Қазақстан облысының Полиция департаментінде отбасылық спорттық іс-шаралар өткізу дәстүрге айналған. Бұрын эстафета жазда немесе спорт залында өткізілетін. Осы жолы аталған іс-шара Борки кентіндегі шаңғы жолында өтті.

Солтүстік Қазақстан облысы,
Нұрбек БАЕКИН

«Әкем, анам және мен – спорттық отбасы» эстафетасын полицейлер отбасылары қуана күтеді. Жарыстың жаңа форматы «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының 95 жылдығына орай ұйымдастырылды. Жарыс жолына үш адамнан тұратын 21 отбасылық команда қатысты. Бірінші болып балалар 500 метрді бағындырды. Одан кейін шаңғы аналары тұрып, бір километрге жүргірі. Эстафетаны шаңғырақ иелері іліп әкетіп, 2 километр қашықтыққа шаңғы тепті. Мәреге бірінші болып Бағыттар жанұясы жетті. Ерлі-зайыптылардың екеуі де майор шеніндегі полиция қызметкерлері. Отағасы Демей оқу-жаттығу взводында, отанасы Жұлдыз – СҚО ПД Процессингтік орталығында қызмет атқарады. Олардың 12 жастағы қызы Тамила 7-сыныпта оқиды. Оның да спортқа қызығушылығы бар. «Маған спорттық жарыстарға қатысқан ұнайды. Әкеміз бен анамыздың жұмысында осындай жарыс ұйымдастырылады дегенді естігенде қуана қабылдадық», – дейді Тамила.



Екінші орынды СҚО ПД Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының қызметкері Саят Әбілқайыровтың отбасы иеленді. Үшінші орын Қызылжар ауданының Полиция бөлімі мен Криминалдық полиция басқармаларының намысын қорғаған Дүбәкірвертер отбасына бұйырды.

Полиция қатарында ата-аналарының екеуі де қызмет атқаратын жұптар көп. Сондықтан ерекшеленген жұптар да сыйлықсыз қалмады. Жергілікті полиция қызметі басқармасы мен Ақпараттандыру және байланыс басқармасында қызмет атқарып жүрген Сергей мен Ольга Земскийлер 14 жастағы қыздары Каринамен бірге «Полицейлер отбасы» номинациясында көзге түсті. Айыртау ауданы Полиция бөлімінің қызметкері Данияр Таңсықбаевтың отбасы «Жеңіске деген ұмтылысы үшін» номинациясында марапат-

талды. Жарыстың ең жас қатысушысы Мағжан Жұмабаев ауданының учаскелік полиция инспекторының ұлы 8 жастағы Расул Жұманов та ұйымдастырушылардың қолына сыйлық алды. Жарыстың кішкентай қатысушыларының барлығына да естелік сыйлықтар мен грамоталар тапсырылды.

«Өңірімізде шаңғы спорты дамығандықтан, осындай жарыстарды дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отырмыз. Мемлекетімізге дені сау, мықты отбасылар қажет. Сондықтан полиция ведомствосында осындай спорттық мерекелер өткізу үлкен маңызға ие. Таза ауада демалыс күнін отбасымен бірге өткізгісі келетін полиция қызметкерлері үшін бұл – жақсы мүмкіндік», – деді СҚО ПД бастығының орынбасары полиция полковнигі Қапез Дәулетбаев жарысты қорытындылаған сөзінде.

ИННОВАЦИЯ

Мыңға жуық күдікті анықталды

Ақмолалық криминалист-сарапшылары фотороботтардың көмегімен әр түрлі қылмыстар бойынша 700-ден астам күдіктінің жеке басын анықтады.

Қазіргі таңда Полиция департаментінің Жедел-криминалистикалық құрылымының қызметкерлері оқиға орындарын толық және сапалы қарауды, ғылыми-техникалық құралдарды және әртүрлі криминалистикалық есептерді тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдауда. Қызмет күнделікті қызметте инновациялық технологияларды пайдаланатын заманауи құрылымдардың бірі болып саналады. Департаментте бірнеше жыл бойы одорологиялық зертхана жұмыс істейді, оның аумағы жыл сайын жаңа іспен толықтырылады. Мамандар үшін иістің іздерін алу және тану механизмі өте қарапайым, ал мұнда маңызды рөлді иістерді

сәйкестендіруге маманданған, оқытылған биодетекторлар атқарады: "...анықтау мынадай қағидат бойынша жүргізіледі: күдіктінің иістің ізін банкке салады және қылмысқа қатысы жоқ адамдардың иістері бар басқа банктер арасында орналастырады. Мұнда зиянкестердің иісін үйрететін детектор ит маңызды рөл атқарады. Нақты иістің белгілі бір адамға жататындығы саусақ іздері немесе ДНК-анализі сияқты салмақты дәлел болып табылады..." - дейді санатты сарапшы-криминалистер. 2019 жылы 54 одорологиялық таңдау жүргізілді, оның 42 оң нәтиже берді. Одорологиялық зертханадан басқа, ақмолалық криминалистері дактилоскопия немесе қол іздері мен фото

есеп іздері бойынша қылмысты ашу мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланады. 2019 жылы тексеру нәтижелері бойынша 302 қылмыс бойынша күдіктілердің саусақ іздері анықталды, ал "мотороботтың" көмегімен 777 күдіктінің жеке басы анықталды. Өткен жылы криминалист-сарапшылар оқиға орнына 8000-нан астам тексеру және 7000-нан астам түрлі зерттеу жүргізді. Криминалистикалық есептер 1141 қылмысты ашуға және тергеуге ықпал етті.

Айта кету керек, ведомство бөлімшелері арасындағы криминалистикалық қызмет ерекше және күрделі болып табылады. Қызметкерлері ғылымның әртүрлі салаларында арнайы білімдері ғана емес, сонымен қатар олар әрдайым білімдерін жетілдірулері қажет.

Ақмола облысы
ПД Баспасөз қызметі

Ойлан, тап!

Құрастырған Ескендір ТАСБОЛАТ

				Жүкті		Павлодар обл. ауданы
	Теңіз саяхатшысы		Жеміс			
				Өнер түрі		Әкімшілік бөлініс
	Әзіл-сықақ театры			Жандосов		
			«... мен аю»	СМС		
	Білім бұлағы	Қорғаныш		Шын		
				Құлақ дәрігері		Овчарка
			Орта			
... лебіз		Шайыр		... пен көз арасы		...-төк

Түрмеге телефон қалай келеді?

Түрмеде жатқан адамдарға тыйым салынған заттарды берудің түрлі айласы бар. Тәркіленетін заттардың ішінде ең көп кездесетін – ұялы телефон. Бұл жолғы телефондар етіктің, шәйнектің және қойытылған сүттің ішінен табылды.



Алматы қаласындағы ЛА-155/18 түзеу мекемесінде (тергеу изоляторы) жуырда 1995 жылы туған әйел адам көлемі 5,8 см, қалыңдығы 1 см болатын «L8star» маркалы ұялы телефонның шәйнекке жасырып әкелген. Осындай ұялы телефон пластикалық құмырадағы қойытылған сүттің ішінен де табылған болатын. Сондай-ақ, тағы бір жігіт тергеу абақтысындағы бауырына ұялы телефонды етіктің ішіне салып, өткізбешкі болыпты.

Тергеу изоляторына келушілерге арналған стендте

тергеудегі адамдарға беруге болатын және болмайтын заттардың тізімі ілінгенмен, өкінішке орай, бақылаушылардың тексеруі кезінде тыйым салынған заттар жиі анықталады. Жоғарыда көрсетілген барлық фактілер бойынша ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 481-бабы бойынша хаттама жасалып, материалдар сотқа жолданды.

Алматы қаласы бойынша
ҚАЖ департаментінің
баспасөз қызметі

Жалған ақпарат жарға жығар

Ақтөбе облысының полицейлері коронавирус туралы жалған ақпарат таратқан фармацевтикалық компанияның қызметкерін құрықтады.



Ағымдағы жылдың 29 қаңтарында әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізу барысында «Whatsapp» әлеуметтік желісі арқылы жалған ақпарат тарату фактісі анықталды.

Тексеру іс-шараларын жүргізу барысында дауыстық хабарды таратқан әйелдің жеке басы анықталды. Ол фармацевтикалық компанияның 37 жастағы жұмысшысы болып шықты.

Жауап алу барысында ол қасақана жалған ақпаратты тарату фактісін мойындады. Қазір Полиция департаменті ҚР ҚК 274-бабының 2-бөлігінің сотқа дейінгі тергеуін бастады.

Сонымен қатар, Ақтөбе облысының Полиция департаменті

жалған мәліметтерді таратқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын еске саламыз.

Естеріңізге сала кетейік, ҚР ҚК-нің 274-бабының 2-бөлігіне сәйкес БАҚ және ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы көрінеу жалған ақпарат тарату 3 мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не болмаса 800 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, сондай-ақ, сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ақтөбе облысы
ПД баспасөз қызметі

Күле отырыңыз!

Қожанасыр досының үйіне қонаққа келсе, жаңбыр құйып кетіпті. Досы:
- Қожексе, мына жаңбырда үйіңе жете алмасың, біздің үйге қона сал, - деген гой. Қожексең келісің:
- Жаңбыр жауауына қарап тұрайын, - дейді. Досы үйіне кіріп кетеді де, бірздан соң шықса, Қожанасыр үсті-басы су-су болып келіп тұр екен. Досы:
- Қайда барып келдің? - десе, Қожексең:
- Үйге барып, әйеліме сенің үйіңе қонатынымды айтып келдім, - деген екен.



ШЫҒАРУШЫ
және МЕНШІК ИЕСІ:
«Қазақстан Республикасы
ішкі істер органдарының
Медиа орталығы» ЖШС
Бас директор
Махаббат СӘДУАҚАСОВА

РЕДАКЦИЯ:
Бас редактор: Ескендір ТАСБОЛАТ
Ақпарат бөлімінің меңгерушісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ
Аға тілші: Индира АХМЕТОВА

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 – Г күәлігі берілді.
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
• Коллажға рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.
• Редакция хаттарға жауап беруге міндетті емес.
• Ұсынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді.
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді.
• Редакцияның келісімінсіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды. Басылым «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС баспаханасында басылады. Индексі: 65395
Таралымы: 9 374
Тапсырыс: № 186

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС-і
Нұр-Сұлтан қаласы,
Слепті көшесі, Оқтүстік-шығыс т/а. (сол жағы), 602
телеф: 99-77-77
Газет айына
8 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:
ИИК – KZ74856000000147459
БИК – KСJBKZKX
БАНК – 051040005963 КБЕ-16
«БанкЦентрКредит» АҚФ
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Жұбанов көшесі, 29А.
Телефон: 8(7172) 49-02-14,
ішкі нөмір 110
www.mediaovd.kz
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz